

Аумағында тауарларды уақытша сақтау, кедендік транзиттің кедендік ресім қолданысын аяқтау жүзеге асырылатын және (немесе) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енуге үміткер заңды тұлғаның көлік қуралдары мен жұмыскерлеріне кедендік бақылау жүргізілетін құрылыштарға, үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) және (немесе) ашық аландарға (ашық аландардың бөліктеріне) қойылатын талаптарды бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 3 қазандағы № 131 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 433-бабы 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Аумағында тауарларды уақытша сақтау, кедендік транзиттің кедендік ресім қолданысын аяқтау жүзеге асырылатын және (немесе) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енуге үміткер заңды тұлғаның көлік қуралдары мен жұмыскерлеріне кедендік бақылау жүргізілетін құрылыштарға, үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) және (немесе) ашық аландарға (ашық аландардың бөліктеріне) қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

Еуразиялық экономикалық

комиссия Алқасының

2017 жылғы 3 қазандагы

№131 шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

Аумағында тауарларды уақытша сақтау, кедендік транзиттің кедендік ресім қолданысын аяқтау жүзеге асырылатын және (немесе) уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енуге үміткер заңды тұлғаның көлік қуралдары мен жұмыскерлеріне кедендік бақылау жүргізілетін құрылыштарға, үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) және (немесе) ашық аландарға (ашық аландардың бөліктеріне) қойылатын талаптар

I. Аумағында тауарларды уақытша сақтау, кедендік транзиттің кедендік ресім қолданысын аяқтау жүзеге асырылатын және (немесе) кедендік бақылау жүргізілетін құрылыштарға, үй-жайларға (үй-жайлардың бөліктеріне) және (немесе) ашық аландарға (ашық аландардың бөліктеріне) қойылатын талаптар

1. Екінші немесе үшінші типті уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу туралы қуәлік берілумен уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енуге үміткер занды тұлға (бұдан әрі – занды тұлға) аумағында тауарларды уақытша сақтау, кедендік транзиттің кедендік рәсім қолданысын аяқтау жүзеге асырылатын және (немесе) кедендік бақылау жүргізілетін (бұдан әрі – уәкілетті экономикалық оператордың аумағы) құрылыштарды, үй-жайларды (үй-жайлардың бөліктерін) және (немесе) ашық аландарды (ашық аландардың бөліктерін), олардың мыналарды:

- а) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын;
- б) кедендік бақылаудағы тауарлармен және көлік құралдарымен кеден органының рұқсатынсыз түсіру, қайта тиесу (қайта аудару) және өзге де жүк операцияларын жасауға жол бермеуді;
- в) тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік бақылау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі шартымен пайдалануға тиіс.

2. Занды тұлға уәкілетті экономикалық оператордың аумағында:

- а) көрсетілген аумаққа жапсарлас жатқан тиесу-түсіру аландарын қоса алғанда, қатты (бетонды, асфальтты немесе өзге де) жабынның;
- б) көлік құралдарына арналған тұрақтың;
- в) ашық аландардың (ашық аландардың бөліктерінің) бүкіл периметрі бойынша тұтас қоршаудың;
- г) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 319-бабының 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заннамасында белгіленген тәртіппен кедендік бақылау аймақтарын белгілеудің;
- д) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік қарап тексеру немесе кедендік тексеру үшін белінген орындардың;
- е) көрсетілген аумаққа техникалық жағынан жарамды кірме жолдардың;
- ж) мыналарды:

занды тұлғаның жұмыскерлерін сәйкестендіруді жүзеге асыра отырып, олардың көрсетілген объектілерге кіру рұқсатын;

занды тұлғаның жұмыскерлері болып табылмайтын адамдарды сәйкестендіруді жүзеге асыра отырып, олардың көрсетілген объектілерге кіру рұқсатын;

өзінің занды тұлғадағы қызметін тоқтатқан жұмыскерлердің көрсетілген объектілер мен ақпараттық жүйелерге кіру рұқсатының жедел күшін жоюды қамтамасыз ететін көрсетілген аумақта орналасқан объектілерге, соның ішінде тауарларды тиесу (түсіру) және сақтау орындарына және көлік құралдарына рұқсатсыз енуді жоққа шығаратын үйымдастырылған өткізу режимі мен күзеттің;

з) тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін, күнтізбелік 30 күннің ішінде бейнеақпаратты қарап шығуды, жазуды және сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бейне бақылау құралдарымен жабдықталған көлік құралдарының кіруін (шығуын) және адамдардың кіруін (шығуын) бақылау жүйесінің;

и) ашық аландарды (ашық аландардың бөліктерін) қоспағанда, күзет және өрт дабылдамасының;

к) бейне бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жарықтандырудың;

л) тауарларды өлшеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, көрсетілген аумаққа, атап айтқанда, палеталарға, поддондарға және тауарларды тасымалдау үшін қолданылатын басқа да ыдыстарға орналастыру үшін болжанатын, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өлшеу шектері және өлшеу дәлдігінің көрсеткіштері бар таразы жабдығының (өлшеу құралдарының);

м) тауарларға кедендік бақылау жүргізу үшін қажетті тиеу-түсіру техникасы мен механизмдерінің;

н) кеден органының лауазымды адамдары кеден операцияларын жасау, кедендік бақылауды жүргізу және кедендік құжаттарды ресімдеу кезінде өз өкілеттіктерін жүзеге асыру уақытында ұсынылатын ұйымдастыру техникасымен және байланыс құралдарымен жарақталған үй-жайлардың (орындардың) (қажет болған жағдайда көрсетілген үй-жайлар (орындар) көрсетілген аумаққа тікелей жақын жерде орналастырылуы мүмкін) болуын қамтамасыз етуге тиіс.

II. Занды тұлғаның көлік құралдарына қойылатын талаптар

3. Занды тұлғаның тауарларды тасымалдауды жүзеге асыратын (тасымалдаушы болып табылатын) көлік құралдары Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 364-бабына сәйкес кедендік пломбалары және мөрлери бар тауарларды тасымалдауға арналған халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарына қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

III. Занды тұлғаның жұмыскерлеріне қойылатын талаптар

4. Занды тұлғаның жұмыскерлері мынадай талаптарға сәйкес болуға тиіс:

а) лауазымдық міндеттеріне кедендік операцияларды ұйымдастыру және (немесе) жасау кіретін жұмыскерлердің кеден ісі саласында кәсіби даярлығы және (немесе) осы салада кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі болуға тиіс.

Армения Республикасында занды тұлғаның жұмыскерлері көрсетілген талаптарға қосымша Армения Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарға сәйкес болуға тиіс;

б) занды тұлғаның қауіпсіздігін және уәкілетті экономикалық оператордың аумағын күзетуді ұйымдастыру үшін жауапты жұмыскерлердің қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында кәсіби даярлығы және (немесе) осы салада кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі болуға тиіс;

в) ақпаратты қорғау құралдарын қамтитын автоматтандырылған ақпараттық жүйені қолдануға жауапты жұмыскерлердің ақпараттық технологиялар саласында кәсіби даярлығы және (немесе) осы салада кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі болуға тиіс.

5. Егер қажетті жұмыстарды орындауға кеден өкілдері, мамандандырылған құзет ұйымдарының және қызметін ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласында жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыскерлері шарттық негізде тартылса, занды тұлғаның осы Талаптардың 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін жұмыскерлері болмауы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК